



**«Шығыс Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық
және табиғи-ландшафтық музей-қорығы» КМҚК-
ның даму
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

КОНЦЕПЦИЯ
**развития КГКП «Восточно-Казахстанский областной
архитектурно-этнографический и природно-
ландшафтный музей-заповедник»**



КЕЛІСІЛДІ

**ШҚО Мәдениет басқармасының
Басшысы**

С.Қасенов



« 30 » _____ 2025 ж.

БЕКІТІЛДІ

**«Шығыс Қазақстан облыстық
сәулет-этнографиялық және
табиғи-ландшафтық
музей-қорығы» КМҚК директоры**

Н.Ахметжанов



« 30 » _____ 2025 ж.

**«Шығыс Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық
және табиғи-ландшафтық музей-қорығы»**

**КМҚК-ның даму
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

**Өскемен қаласы
2025 жыл**

I. Кіріспе

Шығыс Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафтық музей-қорығы (бұдан әрі – музей-қорық) – өңірлік және республикалық деңгейде тарихи, мәдени және табиғи маңызы бар бірегей көпсалалы мекеме болып табылады.

Музей-қорық 1968 жылы Шығыс Қазақстан облысы Бутаково ауылындағы мектеп музейі негізінде құрылған. Өз қызметінің барысында музей халықтық музейден және Лениногор музейінің филиалынан облыстық этнографиялық музей дәрежесіне дейінгі жолдан өтті. Ал 2005 жылы музей-қорық мәртебесіне ие болды.

Музей кешенінің құрылымы айтарлықтай кеңейіп, дәстүрлі музей пішімінен шығып, заманауи көпқырлы мәдени-танымдық кеңістікке айналды. Бүгінде музей-қорық құрамына сәулет және тарихи ескерткіштер, этнографиялық және табиғи кешендер, ашық аспан астындағы музей, археологиялық нысандар мен мәдени-демалыс инфрақұрылымы кіреді.

Музей-қорық құрамына мыналар енеді:

- XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы тарихи және сәулет ескерткіштері болып саналатын үш музей ғимараты;
- Қ. Қайсенов атындағы этнопарк (халықтық сәулет өнерінің 14 ескерткіші);
- Жамбыл атындағы демалыс саябағы;
- «Самал» саябағы;
- 120 гектар аумақты алып жатқан Сол жағалау кешені, оның құрамына этнографиялық кешен, әскери кешен, зообақ, ботаникалық бақ, «Шеберлер қаласы», «Жібек жолы» экспозициясы және «Көгілдір көлдер» атты отбасылық демалыс аймағы кіреді.

Музей-қорық 2016 жылы «Ең үздік музей-қорық» номинациясы бойынша республикалық байқаудың лауреаты атанса, 2023 жылы «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының XIX маусымының қорытындысы бойынша «Ең үздік жұмыс беруші» номинациясының жеңімпазы атанды.

II. Музей-қорықтың қазіргі жай-күйін талдау (2024 жылдың қорытындысы бойынша)

2.1. Жалпы сипаттама

2024 жылы музей-қорық ұлттық бірегейлікті сақтау және дамыту, мәдени кодты нығайту, өңірдің зияткерлік әлеуетін арттыру, сондай-ақ музейлік қызметтердің сапасын жақсарту және халықтың қанағаттанушылығын көтеру мақсатында кешенді іс-шараларды жүзеге асырды.

Музей-қорық құрылымына 27 бөлімше кіреді, оның ішінде:

- 6 – ғылыми-зерттеу бөлімшесі;
- 5 – ғылыми-ағартушылық бөлімше;
- қалғандары – әкімшілік-шаруашылық және техникалық қызметтер.

2.2. Негізгі көрсеткіштер мен жетістіктер

2.2.1. Келушілер саны

- 2024 жылы келушілердің жалпы саны 310 817 адамды құрады (жоспар – 306 917), бұл жоспардың 101,3 % орындалғанын көрсетеді.
- Зообаққа 92 600 адам келді.

2.2.2. Мәдени-бұқаралық іс-шаралар

- Барлығы 6 662 іс-шара өткізілді, соның ішінде:
- дәрістер – 662,
- экскурсиялар – 5 715 (оның ішінде 1 500 – зообақта),
- бұқаралық іс-шаралар – 217,
- көрмелер – 68 (16 – тұрақты, 52 – көшпелі).

2.2.3. Қор жұмысы

- Негізгі қорға 350 бірлік, ғылыми-көмекші қорға 150 бірлік қабылданды.
- 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша:
- негізгі қор – 47 965 сақтау бірлігі,
- ғылыми-көмекші қор – 25 799 сақтау бірлігі,
- жалпы саны – 73 764 сақтау бірлігі.
- Жұмысқа 16 300 экспонат берілді.
- 4 210 жәдігер цифрландырылды.

2.3. Қызметтің негізгі бағыттары

2.3.1. Ағартушылық және инклюзивті жұмыс

- Әлеуметтік осал топтар (балалар үйі, интернаттар, мүгедектер қоғамы) үшін 9 іс-шара өткізіліп, 378 адам қамтылды.
- Сол жағалау кешені өзінің инфрақұрылымының арқасында қозғалысы шектеулі топтар үшін ыңғайлы әрі қолжетімді болып отыр. Олар үшін парк, зообак және басқа да нысандар бойынша пойызбен экскурсиялар ұйымдастырылады.
- Ақпараттық-білім беру бөлімі виртуалды экскурсиялар форматтарын белсенді дамытып, коллекцияларға онлайн-қолжетімділік қамтамасыз етуде.

2.3.2. Көрме және өңіраралық жұмыс

- 2024 жылы 68 көрме ұйымдастырылды, оның ішінде: Павлодар қаласында өткен ұлттық киімге арналған республикалық «Бір шаңырақ астында» көрмесі, 52 көшпелі көрме – оқу орындарында, кітапханаларда, театрларда, филармонияда және басқа мәдени мекемелерде өтті.

2.3.3. Қолөнерді дамыту

- 2008 жылдан бері музей базасында ШҚО қолөнершілерінің Ресурстық орталығы жұмыс істейді. Ол бұйымдардың сапасын арттыруға, көрмелер мен жәрмеңкелер ұйымдастыруға, басқа өңірлер мен ТМД елдерімен кәсіби байланыстарды дамытуға ықпал етіп келеді.

2.3.4. Фольклорлық-этнографиялық қызмет

- Қазақ және орыс этнографиясы бөлімдері жанынан жұмыс істейтін «Белес» және «Бастеньки» фольклорлық ансамбльдері материалдық емес мәдени мұраны сақтауға үлес қосуда.

III. Музей-қорықтың болашақ дамуының негізгі бағыттары

3.1. Музей жинағы және ғылыми-қор жұмысы

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Шығыс Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафтық музей-қорығының музейлік қоры мынадай көрсеткіштерден тұрады:

- негізгі қор – 47 965 сақтау бірлігі;
- ғылыми-көмекші қор – 25 799 сақтау бірлігі;
- жалпы саны – 73 764 сақтау бірлігі.

2025 жылдан бастап стратегиялық жоспарлау аясында музей-

қорық қорларын жыл сайын 500 музейлік затпен толықтыру көзделіп отыр. Қорларды жинақтау барысында өңірдің этномәдени ерекшеліктерін, қолөнер дәстүрлерін, материалдық емес мұра элементтерін, сондай-ақ Шығыс Қазақстан тарихын бейнелейтін құжаттар мен заттарды жинауға басымдық беріледі.

Музейлік заттарды есепке алу және сақтау бөлімінің маңызды функциясы – экспонаттарды тұрақты және көшпелі көрмелерге дайындау, ресімдеу және беру. Бұл үдеріс мынадай кезеңдерді қамтиды:

- тиісті құжаттарды (қабылдау-тапсыру актілері, есепке алу карточкалары) ресімдеу;
- заттарды орау;
- тасымалдау мен сақтау жағдайларын бақылау;
- көрмелерді құрастыру мен бөлшектеуге қатысу;
- экспонаттар қайтарылғаннан кейін олардың сақталуын тексеру.

Жыл сайын кемінде 16 300 музейлік зат берілмек, оның 12 000-нан астамы – сыртқы көрмелерге арналған.

Сонымен қатар музейлік қорларға жыл сайын толық түгендеу жүргізіледі. Бұл үдеріс музейлік коллекциялардың жай-күйі туралы шынайы және өзекті ақпарат алуға мүмкіндік беріп, олардың сақталуы мен тұтастығына бақылауды қамтамасыз етеді.

3.2. Көрме қызметі

Көрме қызметі – музей-қорық жұмысының басты бағыттарының бірі. Ол музей қорларындағы ғылыми, білім беру және мәдени-ағартушылық әлеуетті тиімді іске асыруға мүмкіндік береді.

Көрмелер келесі міндеттерді орындайды:

- өңірдің мәдени және тарихи мұрасын насихаттау;
- ғылыми-зерттеу тақырыптарын дамыту;
- музей қорларын толықтыру үдерістерін жандандыру;
- мәдени-білім беру бағдарламаларын кеңейту;
- жаңа аудиторияны тарту;
- музейаралық және өңіраралық ынтымақтастықты нығайту.

2025 жылдан бастап музей келесі жұмыстарды жүзеге асыруды жоспарлап отыр:

- аймақтық, республикалық және халықаралық деңгейлерде тұрақты және көшпелі көрмелер ұйымдастыру;
- көрмелерді білім беру, мәдениет мекемелерінде, сондай-ақ Қазақстанның басқа өңірлеріндегі музейлерде өткізу;
- Шығыс Қазақстанның этнографиялық, табиғи, қолөнерлік,

археологиялық және көркем мұрасын бейнелейтін тақырыптық экспозицияларды дамыту;

- көрмелерді безендіруде мультимедиялық технологиялар мен цифрлық форматтарды пайдалану;
- республикалық және халықаралық музейлік жобаларға, форумдарға және фестивальдерге белсенді қатысу.

Көрме қызметі музей-қорықтың мәдени имиджін нығайтудың және халықтың ұлттық мұраға деген қызығушылығын арттырудың маңызды құралы болып қала береді.

3.3. Ғылыми-зерттеу қызметі

Ғылыми-зерттеу жұмысы музей-қорық қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады және тақырыптық ғылыми-зерттеу жобаларын әзірлеу форматында жүзеге асырылады. Бұл жұмыстың нәтижесі ретінде түрлі ғылыми өнімдер дайындалады:

- ғылыми есептер;
- талдамалық шолулар;
- мақалалар мен жарияланымдар;
- каталогтар мен кітаптар;
- тақырыптық-экспозициялық жоспарлар;
- әдістемелік материалдар мен дәрістік бағдарламалар.

2024 жылы музейдің 14 қызметкері Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасында өткен 10 кәсіби іс-шараға – конференциялар, фестивальдер, семинарлар, кездесулер мен тренингтерге қатысты. Бұл ғылыми байланыстарды тереңдетуге, тәжірибе алмасуға және зерттеу әдістемелерін өзектендіруге мүмкіндік берді.

2024 жылы түрлі ғылыми жинақтарда, салалық журналдар мен мерзімді басылымдарда 30 ғылыми және ғылыми-көпшілік мақала жарияланды, оның 10-ы – мемлекеттік тілде.

Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған мәдени саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 7-бағыты «Біліктілікті арттыру, шеберлік сабақтарын өткізу және тәжірибе алмасу» аясында музей қызметкерлері келесі курстар мен тренингтерден сәтті өтті:

- 19 сертификат;
- 3 диплом;
- 1 куәлік алынды.

Кәсіби және шығармашылық жетістіктері үшін музей-қорық қызметкерлері 2024 жылы «Мәдениет саласының үздігі» ведомстволық

төсбелгісімен марапатталды.

2025 жылдан бастап музей келесі міндеттерді жүзеге асыруды жоспарлап отыр:

- жарияланымдық қызметті жандандыру;
- Қазақстан мен ТМД елдерінің музейлері және ғылыми-зерттеу институттарымен ғылыми байланыстарды кеңейту;
- қор материалдарымен ғылыми-тәжірибелік бағыттағы жұмыстарды дамыту;
- жастарды ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту: тағылымдамалар, өндірістік тәжірибелер мен волонтерлік бағдарламалар арқылы.

3.4. Мәдени-көпшілік қызмет

Мәдени-көпшілік қызмет – музей-қорықтың басты басымдықтарының бірі. Ол музейлік коммуникацияны қамтамасыз етуде және өңірдің мәдени кеңістігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл бағыт білім беру, ағартушылық және бос уақытты тиімді өткізу функцияларын жүзеге асыруға бағытталған.

2025 жылдан бастап мәдени-көпшілік қызмет мына бағыттар бойынша дамытылады және тереңдетіледі:

- мемлекеттік, күнтізбелік және этнографиялық мерекелерге арналған театрландырылған және танымдық іс-шаралар өткізу;
- мектеп оқушылары мен студенттерге арналған музейлік сабақтар ұйымдастыру;
- байқау-ойын бағдарламаларын жүзеге асыру;
- фестивальдер, шығармашылық кездесулер, таныстырылымдар, дөңгелек үстелдер өткізу;
- шолу және тақырыптық экскурсиялар форматын кеңейту.

Мақсатты көрсеткіштер:

- жыл сайынғы көпшілік іс-шаралар санын 220-ға дейін арттыру;
- экскурсиялар санын жылына 5 725-ке дейін көбейту.

Арнайы назар аударылатын бағыттар:

- «Оқушының мәдени нормативі» атты білім беру бағдарламасын жалғастыру;
- «Отбасымен бірге музейге» жаңа акциясын әзірлеу және енгізу;
- әлеуметтік осал топтар – балалар үйлері мен интернаттар тәрбиеленушілері, мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен өмірлік қиын жағдайға тап болған жандар үшін қызметтер аясын кеңейту;
- келушілермен өзара әрекеттестіктің заманауи формаларын енгізу: квиз-ойындар, квесттер, иммерсивті экскурсиялар;

- интерактивті және мультимедиялық аймақтар құру: ойын элементтері, цифрлық экспозициялар, толықтырылған шындық аймақтары.

Музей-қорықтың мәдени-көпшілік қызметін дамыту жаңа аудиторияны тартуға, өңірдің тарихы мен мәдениетіне қызығушылықты арттыруға, сондай-ақ мәдени сәйкестікті нығайтуға ықпал ететін болады.

3.5. Музей-қорықтың Солжағалық кешенін дамыту

Солжағалық кешені – бұл ашық аспан астындағы мұражай, ағартушылық орталық, отбасылық және экологиялық туризмді біріктіретін бірегей мәдени-табиғи кеңістік. Оның одан әрі дамуының тұжырымдамасы тұрақтылық, тарих, мәдениет пен табиғаттың өзара байланысы және Шығыс Қазақстанның мұрасын тануға келушілерді белсенді тарту қағидаттарына негізделеді.



Дамудың стратегиялық бағыттары:

1. Музей-ағартушылық қызметті тереңдету

- AR/VR технологияларын қолдана отырып, интерактивті маршруттар мен экскурсияларды әзірлеу.
- Мектеп оқушылары мен студенттерге арналған ғылыми-көпшілік іс-шаралар, дәрістер мен квесттер ұйымдастыру.
- Нысандармен өз бетінше танысу үшін QR-кодтары бар тақтайшалар мен көрсеткіштер жүйесін кеңейту.

- Кешеннің тақырыптық аймақтарына арналған оқу және ғылыми материалдарды жариялау.
- 2. Этнографиялық секторды дамыту**
- Тарихи шынайылық пен сәулеттік түпнұсқалықты сақтай отырып, бар усадьбаларды кешенді қалпына келтіру және жөндеу.
 - Экспозицияларды жаңарту: интерьерлік мазмұнын толықтыру, интерактивті элементтерді енгізу, ақпараттық материалдарды аз танымал этностар туралы этнографиялық деректермен толықтыру.
 - Киім үлгісіндегі көріністерді, интерактивті экскурсияларды және дәстүрлі тұрмысты көрсету элементтерін қамтитын «тірі тарих» бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру.
 - Этнофестивальдер, халықтық мейрамдар, гастрономиялық күндер, түрлі этномәдени қауымдастықтардың фольклорлық қойылымдарын өткізу.
- 3. Әскери кешенді жаңғырту**
- Әскери техникаларға күтім жасау бойынша жоспарлы жұмыстар: тазалау, сырлау, тоттануға қарсы өңдеу, ашық аспан астындағы музей нысандарын сақтау.
 - Экспонаттардың көрнекілігін және сақталуын арттыру үшін қорғаныс қалқандары мен ақпараттық стендтер орнату.
 - Жауынгерлік іс-қимылдардың реконструкцияларын, мұрағаттық бейнематериалдарды, оқиға куәгерлерінің сұхбаттарын қамтитын мультимедиялық орталық құру.
 - Аймақтың ерлікке толы тарихын жастар арасында насихаттауға бағытталған әскери-тарихи реконструкциялар, тақырыптық көрмелер мен интерактивті іс-шараларды ұйымдастыру.
- 4. Ботаникалық бақты дамыту**
- Шығыс Қазақстанның әртүрлі табиғи белдеулеріне тән өсімдіктер, сондай-ақ сирек және эндемикалық түрлер ұсынылған тақырыптық аймақтарды қалыптастыру.
 - Өңір флорасы, оның табиғи ерекшеліктері мен қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығы туралы ақпараттық стендтер әзірлеу.
 - Өзіндік және экскурсиялық серуендерге арналған маршруттары бар бақтың интерактивті картасын жасау.
 - Табиғатты қорғау акциялары, ботаникалық экскурсиялар, экологиялық квесттер мен оқушылар мен студенттерге арналған шеберлік сабақтарын өткізу.

- Өсімдіктердің биологиялық әртүрлілігін зерттеу, сақтау және насихаттау мақсатында ғылыми-зерттеу ұйымдарымен, университеттермен және ерікті экологиялық қозғалыстармен серіктестікті дамыту.

5. Шеберлер қалашығы – қолөнер орталығы

- Балалар мен ересектерге арналған курстары бар тұрақты қолөнер мектебін құру.
- Кешеннің онлайн-платформасы арқылы қолөнершілерді ілгерілету.
- Жәрмеңкелер, көрме-сатылымдар мен тақырыптық шеберлік сабақтарын ұйымдастыру.

6. Отбасылық демалыс пен туризм инфрақұрылымы

- «Көгілдір көлдер» аймағын абаттандыру: жарықтандыру, барбекю аймақтары, навигация, құрал-жабдықты жалға беру.
- Маусымдық бағдарламаларды енгізу: жазғы лагерьлер, қысқы фестивальдер, мәдени марафондар.
- Велосипедтер мен электросамокаттарды жалға алу мүмкіндігі бар туристік маршруттарды дамыту.

7. «Жібек жолы» экспозициясы

- Қараван-сарайлар, түйе тұрақтары, сауда дүкендері және басқа да нысандарда жыл сайынғы жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу.
- Аумағын абаттандыру, навигация орнату, келушілердің жайлылығы үшін көлеңкелі аймақтар жасау арқылы инфрақұрылымды дамыту.
- Мазмұнын мультимедиялық және интерактивті элементтермен кеңейту: толықтырылған шындық технологиясы, тақырыптық бейнематериалдар.
- Ұлы Жібек жолына арналған жыл сайынғы мәдени іс-шараларды ұйымдастыру: фестивальдер, жәрмеңкелер, тарихи реконструкциялар, танымдық дәрістер мен көрмелер.
- Мәдени алмасу мен трансұлттық бағыттардың тарихи мұрасын зерттеу аясында музейлермен, ғылыми-зерттеу институттарымен және халықаралық серіктестермен ынтымақтастықты жалғастыру.

8. Қаланың жасыл инфрақұрылымымен біріктіру

- Уақытша көрмелер, демалыс және табиғатты бақылау павильон-

дарын орнату.

- Жергілікті сәулетшілерді тарта отырып, экологиялық көгалдандыру мен ландшафтық дизайнды кеңейту.

Дамудың негізгі қағидаттары:

- Барлық санаттағы азаматтар үшін инклюзивтілік пен қолжетімділік.
- Мәдени тәжірибені цифрландыру және инновациялар.
- Экологиялық тұрақтылық және биологиялық әртүрлілікті сақтау.
- Ғылыми, білім беру және қоғамдық ұйымдармен серіктестік.
- Жергілікті қауымдастықтар мен қолөнершілерді қолдау.

Күтілетін нәтижелер:

- Кешенге келушілер санының артуы.
- Өңірде мәдени және экологиялық туризмнің өсуі.
- Мұраны сақтау ісіне халықтың белсенді қатысуы мен ұлттық бірегейліктің нығаюы.
- Сол жағалау кешенінің Орталық Азиядағы үлгілі мәдени кластерге айналуы.

3.6. Зоопаркті дамыту (солжағалық кешен, аумағы - 8 га)

Мақсаты - жануарларды ұстауға, ғылыми-ағартушылық жұмыс пен халықты, әсіресе балаларды, экологиялық тәрбиелеуге арналған заманауи, қауіпсіз және жайлы кеңістік құру. Зоопарк тек демалыс орны емес, сонымен қатар табиғатты қорғау, білім беру және ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыратын мекеме болуы тиіс.



1. Дамудың басым бағыттары

1.1. Инфрақұрылымды жаңғырту және жөндеу

- Жануарлардың биологиялық ерекшеліктерін ескеріп вольер-

лерді қайта құру (кеңістік, табиғи орта, бас сауғалайтын орындар, шағын тоғандар).

- Жылыны жақсы көретін жануарлар үшін **қысқы павильондар** салу.
- **Инженерлік желілерді жаңарту**: су, кәріз, электр жүйелері.
- **Карантин аймағы мен ветеринарлық бөлімді** заманауи жабдықтармен қамтамасыз ету.
- **Ақпараттық стендтер орнату** - жануарлар туралы мәлімет, QR-кодтар арқылы бейнематериалдарға өту мүмкіндігі.

1.2. Жануарлармен жұмыс

- **Сирек және жойылып бара жатқан түрлерді көбейту бағдарламасын кеңейту** (басқа зоопарктермен алмасу, халықаралық бағдарламаларға қатысу).
- Түріне және маусымына сай **дұрыс тамақтандыру**.
- **Тұрақты ветеринарлық тексерулер** өткізу.

1.3. Білім беру және ағартушылық қызмет

- Мектеп бағдарламасына сай **оқушыларға арналған экскурсиялар ұйымдастыру**.
- **Тақырыптық күндер өткізу** (мысалы: «Бүркіт күні», «Қызыл кітап апталығы», «Эко-күн»).
- Зоопарк аумағында **оқыту орталығы мен дәрісхана** ашу.
- Ғалымдармен, зоологтармен, экологтармен, ЖОО және ҰЕҰ-мен **ынтымақтастық орнату**.

1.4. Экологиялық және этикалық қағидалар

- Жануарлар үшін **стресті азайту**, жағдайларын жақсарту.
- Табиғи мінез-құлыққа қарсы кез келген **шоу немесе мәжбүрлі әрекеттерге жол бермеу**.
- Қонақтардың, әсіресе балалардың **экологиялық мәдениетін көтеру**.

1.5. Ландшафтық және эстетикалық безендіру

- Ағаштар, бұталар, гүлзарлар отырғызып **аумақты көгалдандыру**.
- **Көлеңкелі шатырлар, орындықтар, жаяу жүргінші жолдары** мен бақылау алаңдарын орнату.
- **Балалар алаңын** жануарлар тақырыбында безендіру.
- **Қауіпсіз жануарлармен танысуға болатын интерактивті аймақтар** ашу (контакт зоопарк).

2. Жануарлар қорын дамыту

- Басымдық - жергілікті және Қызыл кітапқа енген жануарлар.
- Зоогеографиялық аймақтар құру (мысалы: «Қазақстан дала-сының жануарлары», «Орман мен таулар», «Тропикалық жануарлар»).
- Құстар, бауырымен жорғалаушылар, жәндіктер түрлерін кеңейту.

3. Цифрландыру

- Мобильді қосымша әзірлеу – карта, бағыттар, жануарлар туралы мәліметтер.
- Вольерлерден онлайн-трансляциялар мен бейнебақылау жүйесін енгізу.
- Жануарларды, тамақтану мен емдеу тарихын электронды түрде тіркеу.

4. Қаржыландыру және әріптестік

- Мемлекеттік және жеке инвестиция тарту.
- Қонақтар мен ұйымдар үшін «Жануарға қамқор бол» бағдарламасы арқылы қайырымдылықты дамыту.
- Экологиялық фестивальдер, көрмелер, жәрмеңкелер ұйымдастыру.

5. Күтілетін нәтижелер

- Жануарлар жағдайының жақсаруы.
- Зоопаркке келушілер санының артуы.
- Қордағы сирек кездесетін түрлер үлесінің көбеюі.
- Халықтың экологиялық санасының жоғарылауы.
- Зоопарктің өңірдегі негізгі экологиялық-ағартушылық орталықтардың біріне айналуы.

3.7. «Самал» табиғи-спорттық саябағын дамыту

«Самал» саябағы – Шығыс Қазақстан архитектуралық-этнографиялық және табиғи-ландшафттық музей-қорығына уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен берілген аумақта орналасқан заманауи табиғи-спорттық кластер.

Жоба бұқаралық спортты дамытуға, белсенді және экологиялық тұрғыдан жауапты демалыс мәдениетін қалыптастыруға, сондай-ақ өңірдің табиғи және этномәдени мұрасын сақтау мен насихаттауға бағытталған.



1. Жобаның миссиясы

Саябақтың миссиясы - келесі бағыттарды үйлестіретін үйлесімді, орнықты және инклюзивті қоғамдық кеңістік құру:

- халықтың денсаулығын нығайтатын белсенді өмір салтын қолдау;
- табиғатқа ұқыпты қарау;
- мәдени және этнографиялық бастамаларды қолдау;
- аумақтың мақсатына сәйкес келмейтін коммерциялық және ойын-сауық бағыттарынан бас тарту.

Аталған тұжырымдама аясында **сауда нүктелерін, үрмелі батуттарды, айналмалы әткеншектерді, ойын автоматтары мен басқа да ойын-сауық аттракциондарын орнату қарастырылмайды**, өйткені олар саябақтың табиғи-мәдени атмосферасын бұзады.

2. Негізгі функциялық аймақтар

2.1. Табиғи-экологиялық аймақ

- Жаяу және скандинавиялық жүріске арналған экотропалар
- Білім беру маршруттары мен экскурсиялық бағдарламалар
- Экологиялық шаралар мен табиғатты бақылауға арналған алаңдар

2.2. Спорттық аймақ

- Көпфункционалды спорт алаңдары: футбол, волейбол, баскетбол, теннис
- Street Workout және кроссфит аймақтары
- Ұзындығы 1,5 км болатын ескекпен жүзу каналы
- Қыс мезгілінде мұз айдыны

2.3. Сауықтыру және отбасы демалысы аймағы

- Серуен жолдары мен тыныш демалыс орындары

- Йога, пилатес және тыныс алу жаттығуларына арналған кеңістіктер

2.4. Жастар аймағы

- Скейт-парк, самокат пен BMX жолақтары
- Ашық аспан астындағы шеберлік сабақтары мен воркшоптарға арналған кеңістіктер
- Спорт фестивальдері, көше турнирлері және жаттығулар өткізу

3. Болашақ даму

Саябақтың дамуы табиғи ортаға құрметпен қарай отырып, орнықты даму қағидаттарына сүйене отырып жүзеге асады. Болашақта:

- Музей-қорықпен бірлесіп, білім беру және ағартушылық бағыттағы қызметтерді кеңейту;
- Этнографиялық, спорттық және экологиялық фестивальдерді ұйымдастыру;
- Жасыл технологияларды енгізу: күн панельдері, жауын суын жинау жүйесі, энергия үнемдеу құралдары;
- Мүгедектігі бар адамдар үшін инклюзивті инфрақұрылым жасау;
- Табиғи амфитеатрлар мен ашық павильондар салу (дәрістер, концерттер, ашық аспан астындағы кинокөрсетілімдер үшін)

4. Жағажайдың қызмет ету мәселесі

«Самал» саябағының аумағында орналасқан қалалық жағажай - әсіресе жақын маңдағы тұрғын аудандардан келген балалар мен жасөспірімдердің жиі демалатын орындарының бірі. Жаз мезгілінде бұл жерге күн сайын ондаған, кейде жүздеген адам келеді.

Өкінішке орай, жыл сайын бұл аумақта балалар мен ересектердің қаза болуына әкеп соққан қайғылы оқиғалар тіркеліп отырады. Олардың басты себебі – өзеннің қатты әрі қауіпті ағысы мен судағы қауіпсіздік шараларының мүлде болмауы.

Қазіргі уақытта жағажайда төмендегілер жоқ:

- арнайы құтқару бригадасы;
- жабдықталған құтқару бекеті;
- медициналық пункт пен кезекші медицина қызметкері.

Аталған аумақтың жағажай ретінде пайдаланылуы қала тұрғындарының өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіреді деп есептейміз. Осыған байланысты «Самал» саябағындағы жағажайдың әрі қарай қызмет етуіне жол бермеу мәселесі қарастырылуда.

Қайғылы оқиғалардың алдын алу – басты басымдық болуы тиіс деп сенеміз.

«Самал» саябағы - жай ғана демалыс орны емес. Бұл - дені сау,

жауапты және мәдениетті өмір салтына жасалған нақты қадам. Ол табиғат, спорт және этнография тоғысатын тірі әрі мәнді кеңістікке айналады. Жоба барлық әлеуметтік топтарға арналған және табиғи тепе-теңдікті бұзбай, аумақтың коммерциялануына жол бермейді.

3.8. Қасым Қайсенов атындағы этнопаркті дамыту

Қасым Қайсенов атындағы этнопарк - бұл табиғи-тарихи-мәдени бірегей кешен, оның негізгі мақсаты - Шығыс Қазақстан халықтарының этнографиялық мұрасын сақтау, насихаттау және дамыту, сондай-ақ әртүрлі жастағы және әлеуметтік топтарға арналған мәдени-ағартушылық және туристік орта қалыптастыру.



1. Дамудың негізгі бағыттары

1.1. Архитектуралық-этнографиялық экспозиция

1.1.1. Тақырыптық маршруттау

Интерактивті жаяу серуен маршруттарын әзірлеу:

- «XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың басындағы қазақтардың тұрғын үйі мен тұрмысы»
- «Славян халықтарының мәдениеті: орыс үйі, беларусь үйі»
- «Көпұлтты Шығыс Қазақстан: татар мәдениеті»
- «Қ.Қайсеновтің музей-үйі»
- «Өңірдің әдеби картасы: ШҚО жазушылары павильоны және П.П.Бажовтың үйі, О.Бөкейдің үйі»

1.1.2. Интерьерлерді қалпына келтіру

Экспонаттардың ішкі көрінісін шынайы немесе стилизацияланған тұрмыстық заттармен безендіру.

Дыбыстық сүйемелдеу (тұрмыс туралы әңгімелейтін дауыстармен аудиогид).

Эпохаға «виртуалды ену» мүмкіндігі бар мультимедиялық панельдер.

1.1.3. Интерактивті форматтар

Әр үйде тақырыптық шеберлік сағаттарын өткізу:

- Қазақ үйінде - оюлы тоқыма өнеріне үйрету.
- Орыс үйінде - ағаш бұйымдарын өрнектеу, самауырмен шай ішу дәстүрі.
- Беларусь үйінде - дәстүрлі тағамдар мен салт-дәстүр әндері.
- Татар үйінде - қолөнер бұйымдары мен музыкалық кештер.

1.2. Мәдени-ағартушылық қызмет

Этнографиялық шеберлік сағаттарын ұйымдастыру (тоқыма, қыш құмыра жасау, кестелеу, ағаш ою).

Жазушылар павильонында әдеби кештер, шығармаларды оқу.

Әр халықтың мәдениетін танытатын жыл сайынғы «Этнокүндер».

1.3. Туристік және сервис инфрақұрылымы

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде көрсеткіштер мен навигация.

Ұлттық қолөнер бұйымдары сатылатын кәдесый дүкені.

2. Күтілетін нәтижелер

Туристер ағынының артуы (ішкі және шетелдік туризм).

Өскемен қаласының этномәдени орталық ретіндегі танымалдығының өсуі.

3.9. Жамбыл атындағы саябақты дамыту

Жамбыл атындағы саябақ – Өскемен қаласындағы ең көне саябақтардың бірі, тарихи-мәдени маңызы бар музей-қорық құрамына кіретін нысан. 1946 жылдан бастап саябақ қазақтың ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың есімімен аталады. 2002 жылы саябақ музей-қорықтың қарамағына берілді, бұл оның сақталуы мен мәдени бағытта дамуына жаңа мүмкіндіктер ашты.



Миссиясы:

Жамбыл Жабаевтың есімімен байланысты тарихи-мәдени мұраны сақтау, танымдық-ағартушылық бағыттағы шараларды өткізу және халықтың демалуына арналған ерекше мәдени кеңістік қалыптастыру.

Негізгі мақсаттар:

1. Жамбыл Жабаевтың рухани мұрасын ұлықтау:

Саябақ – халық даналығы мен рухының символына айналған ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығын еске түсіретін тірі ескерткіш. 2019 жылы саябақта алматылық мүсіншілер С. Сиитов пен Қ. Дулатовтың авторлығымен Жамбылға арналған жаңа ескерткіш орнатылды.

2. Мәдени демалыс орнын қалыптастыру:

Саябақты отбасылық демалыс, әдеби кештер, этнофестивальдер мен халықтық мерекелер өткізетін кеңістікке айналдыру.

3. Ағартушылық және музейлік қызмет:

Жамбылдың өмірі мен шығармашылығына арналған ашық аспан астындағы экспозициялар, ашық сабақтар мен экскурсиялар ұйымдастыру.

Дамудың тұжырымдамалық бағыттары:

- **Ландшафттық және сәулеттік жаңарту:**

Саябақтың табиғи келбетін сақтай отырып, оны көркейту, тыныш демалыс аймақтарын және интерактивті алаңдар жасау.

- **Ақпараттық-ағартушылық құралдар:**

Жамбыл туралы тарихи мәліметтерді қамтитын ақпараттық стендтер, QR-кодтар, аудиогидтер орнату.

- **Мәдени іс-шаралар:**

Жамбылдың туған күніне арналған жыл сайынғы мерекелер, айтыс фестивальдері, ақындармен кездесу, музыка кештері мен шығармашылық шеберлік сағаттарын өткізу.

- **Инклюзивтілік:**

Саябақтың барлық санаттағы азаматтарға - оның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандар мен балалармен келетін отбасыларға қолжетімді болуын қамтамасыз ету.

Жамбыл атындағы саябақ - жай ғана демалыс орны емес, табиғат, тарих пен поэзия тоғысқан мәдени кеңістік. Оның дамуы - қаланың рухани келбетін сақтап, болашақ ұрпаққа ұлы ақынның мұрасын жеткізудің маңызды қадамы.

IV. Концепцияны іске асыру қағидаттары мен тетіктері

Музей-қорықты дамытудың осы Концепциясын іске асыру келесі қағидаттарға сүйенеді:

1. Жүйелілік және сабақтастық – тарихи-мәдени және табиғи мұраны сақтау ісінде тұтастықты қамтамасыз ету, музей-қорықты дамыту кезеңдерінің логикалық сабақтастығын сақтау;

2. **Инновацияларға ашықтық** – музейлік, ағартушылық және экспозициялық қызметке заманауи, инновациялық және цифрлық шешімдерді енгізу;
3. **Халықаралық тәжірибеге сүйену** – мәдени және табиғи мұраны сақтау, таныстыру және дәріптеу салаларындағы озық әлемдік тәжірибелерді ескеру.

Концепцияны іске асыру тетіктері:

Музей-қорықты дамыту жөніндегі жылсайынғы іс-шаралар жоспарын әзірлеу және іске асыру;

Музей-қорықтың қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде және жария шаралар арқылы белсенді насихаттау;

Сыртқы серіктестерді тарту - отандық және халықаралық қорлармен және мәдени мекемелермен тұрақты әріптестік байланыс орнату.

V. Концепцияны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Концепция аясында жоспарланған шараларды жүзеге асыру нәтижесінде:

Шығыс Қазақстанның этнография, өлкетану, музей ісі мен табиғи мұра саласындағы ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздер айтарлықтай нығаяды;

Өңірдің этнографиялық және табиғи мұрасын заманауи жаһандық үрдістерге сай елдік және халықаралық деңгейде ілгерілетудің біртұтас моделі қалыптасады;

Мәдениет саласындағы халықаралық ынтымақтастық жанданып, музей-қорық мәдени орталығы ретінде беделге ие болады;

Экспедициялар мен ғылыми зерттеулер нәтижесінде жиналған жаңа деректер ғылыми және музейлік айналымға енгізіледі;

Өңірдің туристік тартымдылығы артып, музей-қорық ішкі және кірме туризм бағыттарының тұрақты бөлігіне айналады;

Тарихи-мәдени және табиғи мұраны сақтау мен тиімді пайдалану қамтамасыз етіліп, ол ұлттық бірлік пен Шығыс Қазақстанның орнықты дамуының символына айналады.

Осы Концепция музей-қорықты білім мен мәдениеттің тоғысқан, инновациялармен қуаттанған, серпінді дамушы орталығына айналдыруға бағытталған.

СОГЛАСОВАНО

Руководитель управления

культуры ВКО

С.Касенов



« » _____ 2025 г

УТВЕРЖДАЮ

Директор КГКП «ВКО
архитектурно-этнографический и
природно-ландшафтный музей-
заповедник»

Н.Ахметжанов



« 30 » _____ 2025 г.

КОНЦЕПЦИЯ
развития КГКП «Восточно-Казахстанской областной
архитектурно-этнографической и природно-
ландшафтной музей-заповедник»

г. Усть-Каменогорск
2025 г.

I. Введение

Восточно-Казахстанский областной архитектурно-этнографический и природно-ландшафтный музей-заповедник (далее – музей-заповедник) представляет собой уникальное многопрофильное учреждение, имеющее особую историческую, культурную и природную значимость как на региональном, так и на республиканском уровне.

Музей-заповедник был основан в 1968 году на базе школьного музея в селе Бутаково Восточно-Казахстанской области. За годы своей деятельности он прошёл путь от народного музея и филиала Лениногорского музея до получения статуса областного этнографического музея, а в 2005 году – статуса музея-заповедника.

Структура музейного комплекса значительно расширилась, выйдя за рамки традиционного музейного формата. В настоящее время музей-заповедник включает в себя архитектурные и исторические памятники, этнографические и природные комплексы, музей под открытым небом, археологические объекты и культурно-досуговую инфраструктуру.

В состав музея-заповедника входят:

- три музейных здания, являющихся памятниками истории и архитектуры конца XIX – начала XX веков;
- этнопарк имени К. Кайсенова (14 памятников народного зодчества);
- парк отдыха имени Жамбыла;
- парк «Самал»;
- Левобережный комплекс на территории 120 га, в который входят этнографический комплекс, военный комплекс, зоопарк, ботанический сад, «Город мастеров», экспозиция «Шелковый путь» и семейная зона отдыха «Голубые озера».

Музей-заповедник является лауреатом республиканского конкурса в номинации «Лучший музей-заповедник» (2016 г.) и победителем в номинации «Лучший работодатель» по итогам XIX сезона молодежных трудовых отрядов «Жасыл ел» (2023 г.).

II. Анализ текущего состояния музея-заповедника (по итогам 2024 года)

2.1. Общая характеристика

В 2024 году музей-заповедник реализовывал комплекс мероприятий, направленных на сохранение и развитие национальной идентичности, укрепление культурного кода, повышение интеллектуального потенциала региона, а также улучшение качества музейных услуг и удовлетворенности населения.

В состав музея-заповедника входят 27 структурных подразделений, в том числе:

- 6 – научно-исследовательских;
- 5 – научно-просветительских;
